

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



**«МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН КОММЕРЦИЯЛЫҚ
ҰЙЫМДАРДЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН
PR-ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНЫҢ
ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 9 желтоқсан 2011 ж.

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ
ПРЕСС-СЛУЖБ И PR-СТРУКТУР
ГОСУДАРСТВЕННЫХ И КОММЕРЧЕСКИХ
ОРГАНИЗАЦИЙ КАЗАХСТАНА»**

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической
конференции

Алматы, 9 декабря 2011 г.

Редакция алқасы:

Е. Алауханов, А. Ниязгулова (жауапты редактор),
К. Тұрсын, С. Медеубек, Ж. Бекболатұлы (жауапты редактор),
Ш. Нұржанова (жауапты редактор),
Н. Шыңғысова, А. Рожков

Мемлекеттік органдар мен коммерциялық ұйымдардың баспасөз қызметтері мен PR-құрылымдары жұмысының өзекті проблемалары. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – 9 желтоқсан 2011 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 164 б.

ISBN 978-601-247-422-0

МАЗМҰНЫ

Шаймерденұлы Е.	
Құттықтау сөз	3
Караулова А.	
Приветственное слово	3
Алауханов Е.О., Жапабаев М.А.	
Проблемы гуманитарного образования в Казахстане	4

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ОРГАНДАРЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН PR-ҚҰРЫЛЫМДАРЫ ЖҰМЫСЫНЫҢ АКТУАЛЬДЫ ПРОБЛЕМАЛАРЫ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ПРЕСС-СЛУЖБ И PR- СТРУКТУР ГОСУДАРСТВЕННЫХ И КОММЕРЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ КАЗАХСТАНА

Шаймерденұлы Е.	
Из истории первых пресс-служб Казахстана	7
Мельник Г.С.	
Ньюсмейкинг в работе пресс-секретаря	10
Чимаров С.Ю.	
К вопросу о функциональном предназначении и статусе пресс-секретаря государственного учреждения, или некоторый опыт организации пресс-службы в США	13
Ахметова Л.	
Подготовка и распространение пресс-релизов: опыт работы	15
Козыбаев С.	
Трибуна независимости. Новые реалии информационного поля Казахстана	19
Ниязгулова А.А.	
Прибыль компании как результат положительного имиджа компании	20
Мухамадиева Л.	
Деятельность пресс-служб в книгоиздании Казахстана	22
Бекболатұлы Ж.	
Баспасөз қызметінің қоғамдағы рөлі мен атқарымдары	24
Жумалиева Б.	
PR и пресс-служба: в начале 90-х годов и сегодняшнее состояние	28
Шыңғысова Н.	
Тиімді коммуникация негіздері	30
Владимирская В.	
Пресс-конференция экспромтом	32
Барысова Л.	
Основные особенности работы PR-отдела и консалтинга в организации	34
Негизбаева М.	
Роль PR при чрезвычайных ситуациях	36
Альжанова А., Жумагулова А.	
Банковский PR в период кризиса	40
Тлепбергенова А.	
Проблемы формирования странового имиджа в условиях кризиса	42
Жусупова А.	
Коммуникативный срез PR в телевидении	44
Ложникова О.	
Взаимодействие профкома и пресс-службы	47
Велитченко С.	
Имидж Казахстана в СМИ	49
Садуақасов А.	
Баспасөз хатшысының күнделікті қызмет ерекшелігі	52
Марқабаева Г.	
Журналистік мәтін мен PR мәтін: ерекшеліктері мен ұқсастықтары	56
Бекболатұлы Ж.	
Пресс-служба в структуре государственного управления	58
Ошанова О.	
Сөйлеуші сөзінің тиімділігінің маңызды шарты – аудиториямен байланыс орнату	61
Нұржанова Ш.	
Қазақстанда өзін-өзі басқару жүйесі және БАҚ	63
Қалиаждарова Ш.Ы.	
Қоғамды шынайы ақпаратпен қамтамасыз етудің жолдары	67
Барысова Л.	
Личные и профессиональные качества PR-специалиста	68
Құсбекова А.	
Қазақстан Баспасөз клубы – отандық PR қарлығашы	71
Жалдыбаева Ж.	
Брендинг – банктің маркетингтік коммуникацияларын ұйымдастырудың негізі	75

Нұржанова Ш., Теміртайқызы А.	
Ішкі фирмалық пиар	78
Есенбек Ж.	
«Альянс банкі» акционерлік қоғамының PR қызметі және БАҚ-пен қарым-қатынасы	82
ҚАЗАҚСТАН АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІГІ ДАМУЫНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН КЕЛЕШЕГІ ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ИНФОРМАЦИОННОГО ПРОСТРАНСТВА КАЗАХСТАНА	
Сандыбай А.	
Тенденции развития СМИ Казахстана	85
Ирназаров К., Алиханов Б.	
Молодежная пресса Узбекистана: современное состояние и тенденции развития	88
Лиховая С.	
Средства массовой коммуникации и преступность в современном обществе	91
Нұриден Р.	
«Қазақ» газетінің дін мәселелеріндегі ұлттық рух көрінісі	92
Барлыбаева С.	
Средства массовой коммуникации Казахстана: перспективы развития	96
Құрманбаева А.	
Қазақстанның БАҚ-тағы ақпараттық саясаты	100
Сұлтанбаева Г.	
БАҚ назарында - қазақстандық саяси реформалар	102
Нода Л.	
Публицистика Г.Н. Потанина: многовекторность и интертекстуальность	105
Өзбекова Г.	
«Қазақ әдебиеті» газетіндегі тәуелсіз Қазақстан тынысы	106
Мамырова К.	
«Айқын» газетіндегі тәуелсіз Қазақстан: саяси мақалалар	108
Әсембаева Б.	
Қазақ ғылымының биігі – Қаныш Сәтбаев	110
Каримова К.	
Кризис информационной политики	111
Губашева Д.	
Образность – это основное свойство фразеологических единств	114
Дудинова Е.	
Зарубежный опыт регулирования СМИ	118
Кундахбаева А.	
Проблемы и перспективы развития СМИ в Астане	122
Әбжанов Қ.	
Сөз бостандығының этикалық жән заңнамалық нормалары	125
Аргынбаева М.	
Промелькнувший метеор	127
Жақсылықбаева Р.	
Журналистің саяси мәдениеті мен шығармашылық психологиясы	131
Азимжанов Д.	
Advocacy and promotion of books as part of social advertisements	132
Козыбаев С., Жанабаев М.	
Новые импульсы отечественных масс-медиа	136
Ниязгулова А., Ибрагимов Н.	
Подготовка журналистских кадров в Казахстане: пути развития	138
Садьков С.	
Национальная идея в Казахстанской публицистике периода независимости	142
Жанабаев М.	
Правовая компетентность журналистов	144
Кутпанбаева Ж.	
Местное самоуправление в системе общественного управления	146
Киекенова Н.	
Жастар саясаты – жастармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстардың негізі	148
Каримова К., Уразбеков А., Грашина Ж.	
Стратегия развития высшего образования в Республике Казахстан как важный элемент информационной политики	150
Бегниязова Қ.	
Қарақалпақстандағы онлайндық радиоарналар қызметі	154
Кәрібаева А., Имандосова Ж.	
Қазақ интернет-басылымдары қайтсе дамиды?	156
Аманкелді Ы.	
Қазақ теледидарындағы ақпараттық-сараптамалық бағдарламалар	158
Байгожина Д.	
Тәуелсіздіктің тағылым алар тұстары	159

адамдарды назарда ұстау керек деген талап жоқ, дегенмен сөйлеу барысында аудиторияның бір бөлігінен екінші бөлігіне көзіңді жай аударып қарасаңыз дұрыс, сонда жақсы байланыс орнатуға болады.

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 76-77 б.б.
3. Михальская А.К. Основы риторики. – М.: Дрофа, 2001. – 496 с.
4. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. М., 1979. - с. 318.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
6. Казарцева О.М. Культура речевого общения. – М.: Флинта, Наука, 1998. – 495 с.
7. Сыздықова Р. Сөз сазы. – Алматы: Санат, 1995. – 120 б.
8. Михальская А.К. Основы риторики. – М.: Дрофа, 2001. – 496 с.

Ш. Нұржанова,

*аға оқытушы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ*

ҚАЗАҚСТАНДА ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ БАҚ

20 жыл! Жиырма жыл бұрынғы дүниеге келген сәби ер азаматқа айналды. Ал, осы тәуелсіздік алғалы қазақ елі жиырма жылда қандай жетістікке қол жеткізді? Жеткен жетістіктерімізбен атқарған істеріміз қандай? Осы сауалдарды әрқайсымыз өзімізге қояр болсақ ауыз толтырып айтарлық нәрсе жетерлік.

Еліміз Тәуелсіздік алғалы 20 жыл уақыт ішінде мемлекеттік құрылымын жетілдіру, оның ішінде билік құзырларының әр деңгейі арасындан ақты бөлінуі мен халық билігінің маңызды элементі болып табыла тын жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін енгізу жолында бірқатар жұмыстар жүргізіліп жатыр. Дегенмен де бұл бүгінгі таңда өте өзекті мәселелердің қатарында болып келеді.

Қазақ халқының өзін өзі басқару басқа халықтар сияқты түбі тереңде жатыр. Сонау алғашқы қаумдық құрылыстан бастап, көшпелі халық өмірінен басталады десек қателеспеген болар едік. Патшалы ресейдің қарамағына енгеннен кейінде ауыл ауыл болып өзін-өзі басқару жүйесі жалғасын тапты. Тіптен өзін өзі басқару элементтерін пайдалану Ресей патшалығы үшін тіптен тиімді болды. Мәселен ауыл сұлтандар старшындары, болыстар, билер т.б. атасак болады. Әсіресе оның ішінде жер дауы мен жесір дауы кезінде де халқымыздың билері өз ортасында шешіп отырған. Қазақстанның өткен тарихына зерделеп үңіліп қарайтын болсақ, жергілікті өзін-өзі басқарудың дәстүрлері бұрынан бар. Қазақтың «Жеті жарғы» – орта ғасырдың өзінде түрлі қоғамдық және мемлекеттік институттар өкілеттілігінің барлық саласын анық бөле білген. Сондықтан да жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін толық енгізу кезінде өзіміздің өткен отандық тарихымызды рулық және ауылдық өзін-өзі басқару саласында, кеңестік құрылыста пайдаланылған құндылықтарды ескеруіміз қажет. Мәселен, жергілікті өзін-өзі басқарудың теориялық негізі тұңғыш рет XIX-ғасырда Бельгия мен Францияда басталған еді. Бұл ерікті қауымдастықтың қызметі ретінде сипатталды. Мемлекет қауымдастықты құрайды, ол тек заң шығарушы, атқарушы және сот билігі ретінде таныған (муниципалдық, коммуналдық, қауымдық). Жергілікті өзін-өзі басқарудың пайда болуы тұрғылықты халықтың өздерінің экономикалық және саяси ортақ мүдделерінің түсіне білулерінің нәтижесі. Бұны халықтың, немесе жергілікті ұжымдардың қалыптасуынан байқай аламыз. Мысалы, Ресейде жергілікті өзін-өзі басқару «шаруашылық ұжымда» қалыптасқан. Қазіргі жергілікті өзін-өзі басқару өркендеген демократиялық мемлекеттерде муниципалдық реформалар арқылы XIX-ғ.-да болған. Оның қалыптасуына түрткі болған жағдай, феодализмнен шығып индустриализмге көшуінде болатын. Осындай тәуелсіздікті ғасырлар бойы ата бабаларымыз Кеңесарының аңсағаны, Махамбеттің арманы, Алаш арыстарының мақсаты, желтоқсандық жастардың асыл арманы емес пе еді. Кеңестер одағы кезінде жергілікті өзін өзі басқару мәселесі онша көтеріле қойған жоқ десекте болады.

Алайда, 1990 жылғы 9 сәуірдегі КСРО-ның «КСРО-дағы жергілікті шаруашылық және өзін-өзі басқарудың жалпы бастамасы туралы» қабылданған заң жергілікті өкімет органдарының дамуының негізгі бағыттарын, оларды қалыптастыру принципі мен қызметін анықтайды.

Тек, Қазақ СРО 1991 жылғы 15 ақпандағы « Қазақ СРО Кеңестік халықтық депутаттарының жергілікті және жергілікті өзін өзі басқару туралы» Заңы қабылданды. Осы жылдары Қазақстанда көптеген ұжымдармен әсіресе жоғарғы оқу орындарында студенттердің өзін өзі басқару жүйесі

жүзеге аса бастады. Соның бір мысалы, ҚазМУ-дың студенттік жатаханаларында осы әдіс кеңінен қалыптаса бастаған еді. Бұл арнайы бірінші нормативтік құқықтық акті еді. Осы жылдары жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі туралы еліміздің басылымдарында мақалалар жазыла бастады.

1993 жылғы 10-шы желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» заңынан бастап, жергілікті үкімет органдарының жүйесін реформалау процесі басталды. Оны қайта құру, өз кезеңінде қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік, саяси салаларындағы өзгерістердің маңызды факторы.

1995 жылдың 30 тамызында қабылданған Конституцияда мемлекеттік басқару қағидалары мен бағыттары нақты белгіленген. Конституцияда жергілікті мемлекеттік басқарумен (85-бап) қатар жергілікті өзін-өзі басқару да (89-бап) берілген. Онда жергілікті өкілетті органдарға – облыстың, ауданның, қаланың мәслихаты; жергілікті атқарушы органдарға – облыстың, ауданның, қаланың, ауылдың әкімшіліктері жатады деп берілген.

Ал 2001 жылдың 23 қаңтарында «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заңы қабылданды (соңғы өзгерістер 2006 жылдың 10 қаңтарында енгізілді).

Қазір «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заң жобасы көпшіліктің талқылауына 2006 жылдың қазан айына берілді, ол 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.

Кеңесті Төраға басқарады, оны кеңестің не жергілікті қоғамдастықтың мүшелері сайлайды. «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заң жобасы талқыға түскеннен бері 200-ден аса ұсыныс жасалынды, бірнеше реті Үкіметтің жұмыс тобымен келісілді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында нақтылаған аудандық мәслихаттардың өкілеттігін күшейту мәселесі де еліміздегі демократияның кең қанат жаюына талпыныс екені аян. Президент Қазақстан халқына Жолдауында: «...Біз мәслихаттарды күшейтіп, оларға қосымша өкілеттіктер беретін боламыз... Уақыт өте келе аудандық мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастырудың негізіне айнала алады», деген болатын.

Еліміз өтпелі кезеңде биліктің атқарушы тармағын күшейте отырып, өзін-өзі басқару органдарының сатылық қалыптасуын анықтады. Енді бүгін, экономика мен мемлекеттігімізді нығайтып, аяғымыздан нық тұрған кезде жергілікті өкілетті органдарды күшейту туралы сөз бастауымыздың дұрыс таңдау, дұрыс жол екендігіне ешкімнің күмәні бола қоймас.

Сондықтан өзін-өзі басқаруға біз қоғамда сұраныс пен шынайы қабылдау болып, ол пісіп-жетілген кезде ғана табиғи жолмен келуіміз керек. Асығыстық өзін-өзі басқарудың мәнін жоғалтуға немесе мемлекеттің бүлінуіне әкеліп соғады. Мемлекет басшысы мәслихаттарды жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастырудың негізі деп атады, өйткені, жергілікті өкілетті органдар мен жергілікті бірлестіктер органдарының түпкі табиғи бастауы ұқсас — олардың екеуін де жергілікті жерде халық өзі сайлайды және өзінің әкімшілік-аумақтық бірлігінің проблемаларын өздері шешуге шақырады.

Барлық елдерде жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілік-аумақтық бірліктің төменгі буынынан, яғни ауылдық буыннан басталған. Дегенмен, жергілікті өкілетті органдар өзін-өзі басқару органы сияқты биліктің өздерінен жоғары тармағына тікелей байланбаған. Аудандық мәслихаттар мен жергілікті өзін-өзі басқарудың ауылдық органдарының тікелей қатысы заңда нақты көрініс табуы керек. Бұл жерде басты мәселе оның бюджетінде, қаржылай негізінде болып отыр. Бүгінде жергілікті бюджеттерді мәслихаттар бекітеді. Онда мәслихаттар туралы заңға да түзетулер енгізілуі тиіс еді. Бюджетаралық қатынастар проблемасының үлкен бір бөлігі – бюджет қаржысын мақсатты пайдалануды, басымдықтарды, мемлекеттік сұраныстарды бақылау шешімін табар еді.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды конституциялық-құқықтық реттеудің теориялық базасы Еуропа Хартиясы бекіткен муниципалды демократия мен муниципалды басқарудың әлем мойындаған құндылықтарынан тұратыны белгілі. Олар мыналар: жергілікті өзін-өзі басқару кез келген демократиялық құрылыс негіздерінің бірін құрайды; азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысу құқы тікелей жергілікті жерде жүзеге асырылады; жергілікті өзін-өзі басқару органдарына шынайы биліктің үлес беруі; демократиялық жолмен құрылған жергілікті өзін-өзі басқару органы өзінің құзырына кіретін мәселелерді үй ішінен үй тіккендей бөліп алуы және оларды жүзеге асырудың тәртібін анықтап алуы керек және ол үшін қаржысы болуы қажет.

Жергілікті жерлерде өзін-өзі басқаруды енгізу Қазақстанның бірнеше халықаралық саяси институттарға және үдерістерге қатысуына, бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан көрінуіне, ЕҚЫҰ-ны басқару мақсаттарымызға және Президенттің Қазақстан халқына биылғы Жолдауын жүзеге асыруымызға қызмет етуге тиіс.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауының екі ерекшелігіне тоқталсам деймін. Біріншіден, онда халықтың әл-ауқатын жақсарту мәселесі нақтылы цифрлармен дәйектелген. Өсіресе, ана мен баланы әлеуметтік жағынан қорғауға ерекше көңіл бөлінген. Екіншіден, Жолдауда жергілікті өкілетті

органдардың жұмысын одан әрі жетілдіріп, дамыту мәселесінің де қамтылғанына ризашылық сезімімізді білдіреміз. Бұл өзі еліміздегі саяси реформаны жүзеге асырудың заңды жалғасы деп білеміз. Саяси реформаны жүзеге асыру әсіресе науқаншылдықты, асығып, аптығуды көтермейді. Ол үшін, ең алдымен, тәжірибе жинақтауымыз керек. Мәселен, өткен жылы аудандық, қалалық деңгейдегі әкімдерді депутаттар корпусы арқылы сайлау басталды. Әкімдердің мәслихатта, депутаттардың алдында есеп беруі дағдылы іске айналды. Жергілікті бюджетті бекітіп, оны қадағалап отыру мәслихаттың құзырында. Міне, енді жергілікті мәслихатқа қосымша мүмкіндіктер беріліп отыр. Сондай-ақ, «Егемен Қазақстан» газетінің 2008 жылғы 27 қыркүйектегі «Мәслихат мәртебесін қайтсек көтереміз?» жарияланған мақалада Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы, «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы облыстық филиалының төрағасы Нұрлан Құдайбергенов «Елбасы Н.Назарбаевтың Парламенттің екінші сессиясы ашардағы сөйлеген сөзінде жуырда қабылданатын заңдар қатарында “Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы” заңның бар екендігін ескертті. Осы заңның жобасында мәслихаттарға қосымша өкілеттіктер беру көзделген. Жалпы алғанда, демократиялық қоғам құру еліміздің стратегиялық мақсатының бірі болғандықтан, келешекте өкілді органдардың, әсіресе, мәслихаттардың өкілеттігі, яғни мәртебесі бірте-бірте арта түсетіні сөзсіз. Сонымен қатар, мәслихаттардың осы өкілеттіктерді лайықты атқаруы қосымша жауапкершілік жүктейтінін естен шығармауымыз абзал. Жергілікті мәслихат депутаттары өздерінің депутаттық міндеттерін негізгі жұмысынан босатылмаған қоғамдық негізде атқарады және олардан тиісті жауапкершілік талап ету тетігі толық қарастырылмаған.

Сонымен қатар қазіргі «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заң бойынша әртүрлі деңгейдегі мәслихаттар арасындағы өзара қарым-қатыстылық айқын белгіленбеген. Осы жағдайда, республиканы былай қойғанда, бір облыстағы мәслихаттар арасында қимыл-әрекеттер үйлестігі байқала бермейді. Сондықтан республика бойынша облыстық мәслихаттар, ал облыста облыс мәслихаттары арасында үйлестіруші орган құрудың заңдық негізі қаланбаса, мәслихаттарға берілетін өкілеттіктерді уақтылы әрі лайықты жүзеге асыру қиындық тудырары сөзсіз.

Бір сөзбен айтқанда, мәслихат мәртебесін көтеруге байланысты міндеттерді талап деңгейінде жүзеге асыру үшін тиісті заңдық негіздердің белгіленетіндігіне және депутаттардың өз міндеттерін атқаруға бар күш-жігерін жұмсайтынына сенемін.

Сұхбатында жергілікті мәслихаттар жұмысына кеңінен тоқталып талдайды. Елбасы айтқан қандай міндет пен тапсырма да еліміздің дәулеті мен Қазақстанды мекендеген ұлттар мен ұлыстардың бейбіт, тату-тәтті өмірін орнатуды мақсат тұтады. Ал оны жүзеге асыруда биліктің жергілікті органдарының тиімділігін, халықтың өзі сайлап қоятын мәслихаттардың рөлін арттыру керек. Ол орталықсыздандырусыз жүзеге аспайды. Мәжілісте сөз алған сенаторлар, Сенат жанындағы Жергілікті өкілетті органдармен (мәслихаттармен) өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңестің мүшелері қоғамды демократияландырудың бір жолы – орталықсыздандыру мен жергілікті өзін-өзі басқарудың өзекті мәселелерін ортаға салды.

Бұл мәселелер бойынша ел Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар саяси партиялардың мемлекеттік билікті жүзеге асыруға неғұрлым ауқымды қатысуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ қоғамда олардың рөлінің нығайып, өсуіне жәрдемдесетін болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару – демократияның нысандарының бірі, яғни мемлекетте халықтың еркін білдіру арқылы билікті қалыптастыру тәсілі. Қазақстан Республикасының Конституциясымен танылған және кепілдік берілген жергілікті өзін-өзі басқару халықтың мүддесін, оның тарихи және өзге де жергілікті дәстүрлерін негізге ала отырып, тікелей немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жергілікті мәні бар мәселелерді шешу жөніндегі дербес қызмет ретінде айқындалады.

Жергілікті өзін-өзі басқару – халық билігін білдіру ретінде Қазақстанның конституциялық құрылысы негіздерінің бірі. Осыған байланысты жергілікті өзін-өзі басқару мейлінше демократиялық институт болып табылатындығын атап өтуіміз керек, ол азаматтарды қоғам істерін басқаруға қатысуға тартады әрі олардың саяси құқығын елеулі түрде қамтамасыз етеді. Мәселен, Шымкент облысының «Замана» газетінің 2009 жылғы 7 шілдеде «13 ауыл өзін-өзі басқарғысы келеді» жарияланған мақалада «Біз бұл әрекетке қазіргі билікке көңіліміз толмағаннан емес, керісінше, Елбасының саясатын ауылдарда да жүргізіп, қолдау үшін барып отырмыз, – дейді ауылдың төбе биі Салыбек Құдияров. Әрі қарай қария:

– Біздің округтегі 13 ауылдың тұрғындары (Қатынкөпір, Тельман, «Самал», Қайтпас, «Достық», «Асар», Ынтымақ, тағы басқа) қазір 90 мыңға жетті. Бұл Бәйдібек ауданының халық санымен тең. Осынша халық бір адамға, яғни аудан әкімінің жергілікті өкіліне қарап отырмыз. Оның қолында ешқандай билік те, қаражат та жоқ. Әлеуметтік мәселелерді шеше алмайды.

Бізде ауыл арасында үлкенді-кішілі 600 көше болса, соның 5-6-сына ғана тас төселген. Басқаларының жағдайы адам көргісіз. Сонда қалған көшелер қашан жөнделеді?

Сондықтан да ауыл ақсақалдары кеңесіп, жаңа бастама көтеріп отырмыз. Жоғарыдағылар ұсынысымызды қабыл алып, 3-5 жыл мерзімге сынап көрсе деген ниетіміз бар. Жергілікті жерден жиналатын салықпен-ақ бар мәселені шешкен болар едік. Егер қаражат өзімізге түсіп, салықты жергілікті адамдар жинайтын болса, біз мұны қатаң бақылауда ұстаймыз. Сол арқылы ауылдағы барлық әлеуметтік мәселені шеше алатынымызға сенімдіміз.

Салықты өзіміз жинағанымызбен, қазына тиісті пайызын алып тұрады. Ауылдағы кезекші полицей мен әкімшілік аппаратын тұрақты жалақымен қамтамасыз етеміз. Ауылды көгалдандыру мен суландыру жұмыстарына 500 адамды жалақылы жұмысқа жеге аламыз. Жалпы, мектеп пен аурухананың жөндеу жұмыстарын, ауылға жол салу, жарық пен су мәселесін шеше алатынымызға сенімдіміз. Бізге өз мәселемізді өзіміздің шешуімізге мүмкіндік берсе болғаны. Бұл әдістің тиімді екенін дәлелдеу үшін бізге 3 жыл берсе де жетеді»деп өз ойланын айта келе сөз соңында әкімшілік қызметкерлерінің мынадай жауап хатымен «– Ақсақалдардың ойын түсіндік. Бірақ бұл жоғарыдан бітетін мәселе. Заңда барлығы көрсетілуі тиіс. Ал біздің өзін-өзі басқару туралы қолданыстағы заңымызда мұндай мәселе қарастырылмаған. Сондықтан хат жан-жақты талқыланып, тиісті жауап берілетін болады» деген сөздермен аяқтаған. Яғни, заң қабылдану үшін жер жерлерде кеңінен талқыланып, тезірек қабылданса халық ойында жүрген көптеген шешілмей келе жатқан мәселелердің шешімін күні бойы есік тоздырмай өз орталарына шешілеріде сөзсіз болары анық.

Бұдан басқа, жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктердің неғұрлым толық есебі қамтамасыз етілетін мәселелерді шешу қоғам мен мемлекетті басқарудың тиімділігін айтарлықтай арттырады.

Біз ұзақ уақыт бойы жергілікті өзін-өзі басқару органының қандай болуы керектігін тұжырымдамалық тұрғыдан айқындай алмадық. Енді халық сайлаған, жергілікті жерлердегі міндеттерді шешуге арналған жергілікті өкілді органдар – мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқарудың негізі болады.

Әкімдерді тағайындауға келісім беру жөніндегі өкілеттіктерді мәслихаттарға беру біздің елімізде демократияның негіздерін одан әрі нығайта түседі.

Қазақстан өз дамуының қазіргі жағдайында еркін, байыпты және жоғары моральды зор мүмкіндіктері бар қоғам құру мақсатына жету жолында маңызды қадам жасады.

Қазіргі кездегі әлем елдерінде жергілікті өзін-өзі басқару органының екі түрі бар: тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктік тұрғындарымен сай-ланатын және аса маңызды мәселелер бойынша шешім қабылдайтын жергілікті өкілді орган, екіншісі — әдетте оперативтік басқаруды жүргізетін атқару органы.

Халықаралық тәжірибеде жергілікті өзін-өзі басқарудың екі моделі қолданылады англосаксондық (ағылшындық) және континентальдық (француздық). Бұл екі модельдің айырмашылықтары жергілікті органдардың өзара, сондай-ақ жоғарғы биліктермен қатынастарынан негіз табады. Англо-американдық модель бойынша жергілікті өзін-өзі басқару мемлекеттіктен төменгі барлық деңгейлерде орын алады. Бұл ретте мемлекет саналы түрде өзінің биліктік ықпал ету салаларын шектеп, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тиісті деңгейден барлық мәселелерді өздері шешуіне жол береді, мысалға, қала, аудан, поселке деңгейлерінде.

Екінші, континентальды модель жергілікті жерлерде тікелей мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың үйлесуіне негізделеді.

Сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқарудың үшінші моделін – аралас түрін белгілейді. Бұндай жүйе Жапония, Германия сынды мемлекеттерде орын алады.

Бірақ Конституция баптарына сәйкес заң әлі күнге дейін қабылданбағаны баршаға аян, яғни осы фактінің өзі заңға қайшы – заң бұзушылық болып табылады. Өйткені бұл заңның қатардағы заңдардан айрықша саяси салдары бар, сондықтан ол заңды мейлінше тезірек қабылдаған жөн. «Жалпы халықтың мүддесіне сәйкес келіп, жалпы халықтың игілігін көздейтін пікірлерді ғана заңға енгізуге болады. Осы жерде Жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңға тереңірек тоқталып кетейін. Өзін-өзі басқару өте күрделі мәселе. Бұл мәселе 1995 жылғы Конституция қабылданғаннан кейін туындады. Содан бері осыған байланысты бірнеше заңның жобалары жасалды. Оның басы-қасында өзім де болдым. Жергілікті өзін-өзі басқаруды мемлекеттік органдардан бөлмеу керек. Себебі өзін-өзі кім басқарады, жергілікті халық басқарады. Оны неге біз мемлекеттен бөліп тастауымыз керек. 1996 жылы Үкіметтің мәжілісінде осы мәселе қаралғанда мен Әділет министрлігінің атынан заңның жобасын баяндаған болатынымын. Бірақ Премьер-министр қаражаттың жоқтығы себепті мұндай міндетті мойындарына алмайтынын айтып, заңды қайтарып жіберді. Содан бері осы заңның берекесі кетті. Конституцияда жергілікті өзін-өзі басқару бөлек ұйым ретінде жазылды. Қайта-қайта айтып жүріп, 2007 жылы 21 мамырда қабылданған Конституцияда мемлекеттен жергілікті халықты бөлмеу керек деген идеяны жүзеге асырдық. Мәслихаттар енді өзін-өзі басқарудың өкілді органы болып

есептеледі. Мұның бір ұтымды жері – жергілікті жердегі бюджетті мәслихаттар бекітеді. Оны жүзеге асыру үшін халықтың өзі жұмылуы керек» дейді «Заң» газетіне берген сұхбатында Ғайрат САПАРҒАЛИЕВ, Мемлекет және құқық ғылыми-зерттеу институтының директоры, з.ғ.д., профессор, ҚРҰҒА академигі.

Шынында осы заңда бір нәрсені ескеру керек, яғни жергілікті органдар белгілі билік өкілеттіктерін іске асыру құқығымен қоса, мойнына үлкен жауапкершілікті де қоса алады, сондықтан билікті бөлуге жіті көңіл аудару керек. Яғни, орталықсыздандыру қағидасы әрі саясаты үшін жергілікті тұрғындардың әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ету басты көрсеткіш болып табылады. Біз ақпаратты «Бұқаралық ақпарат құралдары Парламент туралы» ақпараттық шолуларының материалдарын, қазақ, орыс тілді баспасөзінде және республикалық телеарналарда мен ақпараттық агенттіктерде, сондай-ақ Интернет-басылымдарда жарық көрген материалдар БАҚ арасынан «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» «Дала мен қала», «Айқын», «Алаш айнасы», «Юридическая газета», «Заң газеті», «Жас қазақ», «Алтын Орда», «Ел» газеттерін, «ҚазАқпарат», «Kazakhstan today», «Қазақстан жаңалықтары», ақпараттық агенттіктерін және «Қазақстан», «Хабар», «Астана», «Алматы» телеарналары ғалымдармен сұхбат, автор мақалалар т.б. жергілікті өзін өзі басқару жүйесінің мәселесін зерттеу барысында көбіне депутаттар, жергілікті тұрғындар, ғалымдар ой бөлісіп өз пікірлерін ұсыныстарын ашық айтатынына көз жеткіздік.

Ш.Ы. Қалиаждарова,

*магистр, аға оқытушы,
Халықаралық ақпараттық технологиялар
университеті, Алматы*

ҚОҒАМДЫ ШЫНАЙЫ АҚПАРАТПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі міндеті-ақпарат тарату. Ал сол ақпаратты аудиторияға жеткізуші-журналистер. «Ақпарат-шынайы болуы керек. Ол белгілі бір дерек көзіне сүйеніп айтылуы тиіс. БАҚ өкілі скіушты пікірден аулақ болғаны жөн» деген қағидалар журналист қауымына жат емес. Бірақ, дәл бүгінгі күні осы қағида өз мәнісін жойып бара жатқан секілді. Себебі, қазір қоғам мүшелерінің назары электрондық ақпарат құралдарында. Оның ішінде Интернетке ауды. БАҚ-тың бұл түрін ақпаратты жан-жақты қырынан танытады. Кері байланысқа түсуге мүмкіндік беретін құрал деп жүрміз. Ал, ондағы ақпараттар қаншалықты дәлелді? Міне, сол себепті ең алдымен Интернеттегі ақпараттар ағымын жолға қойған жөн. Ол үшін Интернет журналистерін даярлауға мән берген дұрыс. Интернет технологияны жетік меңгеріп қана қоймай, ақпаратты дереу, жылдам жіберу үрдістерін меңгеруі қажет. Міне, осы мақсатта қазір Халықаралық ақпараттық технологиялар Университетінде электрондық журналистерді даярлау қолға алынды. Студенттердің таңдауы бойынша «Интернет журналистика негіздері» атты сабақ өтеді. Онда тәжірибелі журналистер мен мықты Қазақстандық, шетелдік блог жасаушылар дәріс береді. Бір өкініштісі, осы саладағы кәсіби мамандардың негізі орыс тілділер. Осыдан келіп шығатыны, ақпараттық кеңістіктегі тіл саясаты. Ақпараттық саясаттың тиімділігін арттыру үшін ең алдымен БАҚ-тағы мемлекеттік тілдің жағдайын күшейту керек. Мәселен, *ен қарапайым дүние-журналистерді қандай да бір баспасөз мәслихатына шақыру парағы/пресс-релиз/* әуелі орыс тілінде жазылады. Одан соң ол тікелей қазақ тіліне аударылады. Тікелей аударма жасалған соң оның мағынасы қалай болатыны өзінен өзі түсінікті. Бұл мәселеге әр мекеменің баспасөз қызметі жетекшілері аса мән бергені жөн болар еді. Ал кейбір арнаның жаңалықтарында орыс тілді тілші дайындаған материалды аударып беру үрдісі әлі де жалғасын тауып келеді. Осы тұста тағы бір айта кететін жайт-еліміздегі мемлекеттік арналар мен ақпарат агенттіктерінің әр мемлекетте, әр өңірде қазақ тілінде ақпарат беретін меншікті тілшілерінің болмауы. Қазақ әлемде болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасымен қарауы керек. Орыс немесе ағылшын тілінде жазылған материал болмыс-бітімімен өзгеше, оны жеткізуші тілшінің айтар ойы да мүлде бөлек. Ал бұл мәселені қазақ азаматы жазса, мүлде басқа туынды болып шығатыны сөзсіз. Сондай-ақ, «Қазақпарат» агенттігі қазақ тілді басылымдарға әлемдегі болып жатқан оқиғалар туралы шұғыл ақпарат беріп отыруы керек.

Тағы бір БАҚ саласындағы аса назар салатын жағдай – мемлекеттік құрылымдардың журналистерге ақпарат алуына мүмкіндік жасау. Қолда бар ақпаратты дәлелдеу, я болмаса сол саланың статистикалық деректерін алу үшін бірнеше рет хат жазып, бірнеше мәрте телефон шалумен уақытыңыз кетеді. Сіз оны эфирге дайындап бергеніңізше, ол ақпарат өз маңызын жойып алады. Алынған

Ғылыми басылым

**«МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР МЕН КОММЕРЦИЯЛЫҚ
ҰЙЫМДАРДЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН
PR-ҚҰРЫЛЫМДАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ»**

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

9 желтоқсан 2011 ж.

ИБ № 5743

Басуға 17.04.2012 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 10,5 б.т.
Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 398. Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды